



## ЖЕТІ САНЫНЫҢ ТАНЫМДЫҚ СИПАТЫ

Дидр РЫСҚҰЛБЕК, ф.ғ.д., проф.

Тыныштық ЕРМЕКОВА,

Гүлнар ЕСКЕРМЕСОВА

Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті

Алматы қ., Қазақстан

### Аннотация

Жалпы тілді қоғамдағы тарихи, әлеуметтік, мәдени, рухани өзгерістердің айнасы деп танымыз. Қазір лингвистика ғылымы да өзінің зерттеу нысанын әлдеқайда кеңейте түсті. Әсіресе, тілдік бірліктердің танымдық сипатын зерделеуде біршама іргелі жұмыстар жүргізілуде. Соның бірі – киелі сандарды зерттеу. Сан ұғымдарымен байланысты қалыптасқан халықтық ұғымдарды зерделеу, оны әлем халықтары түсінігінде талдау әлемнің тілдік бейнесі туралы түсініктерді қалыптастырады. Мақалада жеті санына қатысты тілдік бірліктерге таным тұрғысынан талдау жасалды.

### Кілт сөздер

*Сан, жеті, ұлттық дүниетаным, символ, астрономия, миф, фольклор, салт-дәстүр, дін, мәдениет, ұлт,*



## COGNITIVE CHARACTERISTICS OF NUMBER SEVEN

Didar RYSKULBEK,

prof. TynyshtykYERMEKOVA,

Gulnar YESKERMESOVA

*Kazakh National Women's Teacher Training University*

### ABSTRACT

We recognize language as a mirror of historical, social, cultural, and spiritual changes in the society. Now linguistic science has significantly expanded its research form. In particular, some fundamental work is being done to study the cognitive nature of language units. One of them is the study of sacred numbers. The study of popular concepts associated with the concept of number, its analysis in the understanding of the peoples of the world forms the concept of the linguistic image of the world. The article provides a cognitive analysis of language units related to the number seven.

### Keywords

*Number, seven, national worldview, symbol, astronomy, myth, folklore, customs, religion, culture, nation,*

135

## YEDİ SAYISININ BİLİŞSEL ÖZELLİKLERİ

### ÖZET

Dili toplumdaki tarihsel, sosyal, kültürel ve manevi değişikliklerin bir aynası olarak kabul ediyoruz. Şimdi dil bilimi, araştırma biçimini önemli ölçüde genişletti. Özellikle, dil birimlerinin bilişsel doğasını incelemek için bazı temel çalışmalar yapılmaktadır. Bunlardan biri kutsal sayıların incelenmesidir. Sayı kavramı ile ilişkili popüler kavramların incelenmesi, dünya halklarının anlaşılmasındaki analizi, dünyanın dilsel imgesi kavramını oluşturur. Makale, yedi numara ile ilgili dil birimlerinin bilişsel bir analizini sağlar.

**Anahtar kelimeler:** Sayı, yedi, ulusal dünya görüşü, sembol, astronomi, efsane, folklor, gümrük, din, kültür, ulus,






Сандар – адам баласының табиғаттың сырын түсінуге бағытталған іс-әрекетінің жемісі. Көне мифологиялық таным бойынша әр санның магиялық күші бар деп саналады. Сондай қасиетті сандардың бірі – жеті.

«Жеті» санының этимологиясына қатысты түрлі жорамалдар бар. Мәдениеттанушы Ж. Жұмашева «жеті» сөзін «жет», «жету» етістігімен байланыстырып, әр істің нәтижесі, соңғы нүктесі ретінде қолданған деп көрсетеді. Сондай-ақ «Ж.Галевише «жеті» есімі «жету» етістігінен, А.Вамбери мен М.Хортманша «жетті» («жеткен-ді», «йет-ді») сөзінен, Г.И.Рамстедше «йе» мысалы, «ет же» мағынасында) сөзінен шыққан. Н.Я.Маррдың түсіндіруінше «жеті» сөзі «дин-ти»... «ти» - 5, «дин» - 2. Сонда  $7=2+5$ ... Н.Я.Марр өзінің сан есім жөніндегі жалпы схемасын түркі сандарына қолданып, оларды «дин», «ти» элементтері арқылы үнді-европалық тілдердің «айн», «ди» («дуа»), «тис» есімдеріне жақындастырмақшы болған. Мұндай түсіндірмелер ғалымдардың көпшілігін қанағаттандырмады [2]. Ал ғалым Н.А.Смаилович [3] жеті сөзінің этимологиясын «жеу» етістігімен сәйкестендіреді. Бұдан бөлек «сандардың атаулары саусақпен қатысты» болуы мүмкін деген пікірді де негізге алуға болады [4], [5]. «Алты» мен «жетінің» алғашқы түрі «ал тағы» мен «және тағы» сияқты. Санаудың түпкі тегі саусақ екенін еске алсақ, бір қолдың саусақтарын санап болып, екінші қолға көшкенде «тағы біреу қос» дейміз. «Тағы» сөзі түркі тілдерінде «тау» болып өзгерген. Мысалы: Мұз тауы – «Мұзтағ», Қара тау – «Қара тағ», Нефть тауы – «Небітдағ». «Және тағы» – әлгі алтыға тағы да біреу қос». «Және» сөзі қысқартылып, «жә» деп те айтылған. Сонда «жә, тағы» сөздері бірігіп, «жетеу» болып шығады. 6 мен 7 есімдері бірталай халықтарда осылай жасалған. Мәселен, 6 мен 7 сандары римше VI және VII түрінде жазылады. Мұндағы V таңбасы әуелде сол қолдың, 1 таңбасы оң қолдың бір саусағының суреті болған, сөйтіп VI цифры «ал тағы біреу» мағынасын берген.  $VI=V+1$ , «алтау» - «ал тағы»,  $VII=VI+1$ , «жетеу» - «және тағы» [2, 143]. Жеті саны атауының тым ерте заманнан келе жатқандықтан қалай пайда болғандығы туралы нақты тұжырым жасау қиындық тудыратыны анық. Жалпы сан атауларының пайда болуы және тарихы туралы түрлі болжамдар айтылғанымен нақты сақталған дерек жоқ.



Жеті саны – әлем халықтарында өзінің символдық мәнімен, киелі мағынасымен ұлттық ұғымға орныққан сан. Мысалы, моңғол тілінде жеті санының символдық мәніне айналған «жолоон бурхан (жеті қарақшы), давхцак, давхардак (жеті қабат), долоон үл (жеті ата)» сияқты тіркестер моңғол халқының дүниетанымындағы жеті санының киелі сипатын дәлелдейді [6, 123]. Дәл осындай мазмұнда жетіқарақшы (аспан жұлдызы), жеті қабат (көк аспан), жеті ата (әке, бала, немере, шөбере, шөпшек, немене, туажат) ұғымдары қазақ халқында да жеті санының қасиетін көрсетеді. Ал гректер жеті санын кие тұтып, Ніл өзенінің бірнеше тармағы болса да жеті тармағы бар деп санаған. Ал жапондықтар «жеті саны жақсылық әкеледі» деп сенген. Осылайша дүниежүзі елдері бойынша жеті саны ерекше күшке ие сан ретінде бағаланып, өмірдің барлық саласынан көрініс береді.





Жеті санының магиялық сипаты туралы көптеген зерттеушілер өз еңбектерінде көрсеткен. Санның мәнін жан-жақты зерттеген ғалымдардың көпшілігі (І.Кеңесбаев, Ә.Хасенов, Н.Уәли, Я.Н.Март, А.Кононов т.б.) оның мифтік, діни, философиялық, астрологиялық, тағы басқа ғажайып сырға ие екенін айтады. Тіпті жеті санын «магическая семерка», «сумма мира» деп те атаған [7, 294]. Ғажайып пен құпияға толы сандар әлемін зерттеушілердің пікірі бойынша сандарды тек математикалық тұрғыдан ғана емес түрліше сипатта қарастырудың маңызы зор. Себебі сан – әмбебап категория. Бұл туралы ғалым Н.Я.Марттың пікірін айта кеткеніміз жөн: «Если возьмем из современной, тем более древней, человеческой речи культовые термины и слова морали, легче всего понять, какая исключительная роль сыграла в этом отношении числительными в сметании как плевелы взращивавшихся классово культурным человечеством граней и так же племенных и национальных и социальных» [4, 8]. Ал дінтанушы, арабист-ғалым Аннемари Шиммель өзінің еңбегінде сандардың мәдениаралық портретін діни (ислам, будда, христиан) және мифтік тұрғыда талдап, сан атауларын заттарды бір-бірінен ажыратып танудың өлшемдік, шамалық көрсеткіші, қоршаған әлемді танып-білудің тілдік мазмұны ретінде көрсетеді. Математикалық сандарды шығыс мәдениетінен бастап, пифогоршылар философиясымен сәйкестендіріп, үнді және қытай мәдениетінен және Библиядан бастап Шекспирден мысалдар келтіре отырып дәлелдейді [8]. Жалпы сандарға тән көпқырлылықты ескере отырып, сандар жүйесін түрлі сипатта, яғни халықтық наным-сенім, діни көзқарас, мифтік түсінік, астрономиялық зерттеу, фольклорлық негізде қарастырудың маңыздылығы артып отыр. Ол үшін жеті санының ұғымдық ақпаратын төмендегіше топтастырып көрсеттік.

Астраномиялық	Фольклорлық, мифтік	Әдет-ғұрып, наным-сенімдік	Діни
Жеті планета	Жеті басты жалмауыз	Жеті-денсаулық	Жетісін беру
Жеті күн	Жеті басты айдаһар	Жеті ата	Жеті әулие
Жеті құдай	Жеті қат жер астына түсу	Жеті жарғы	Жеті шырақ
Жетіқарақшы	Жеті қабат сауыт кию	Жеті жабу	Жеті шелпек
Жеті қат көк	Жеті қабат қорған	Жеті жас	Жеті әліп
Жеті жұт	Жеті дариядан өту	Қырық жеті	Жеті күн
Жеті амал	Жеті күн ұйқы	Жеті қазына	Құранның жеті хаты
Жеті ғалам	Жеті күн жол жүру		Жеті періште
	Жет рет айналу		Жеті пайғамбар
	Жеті – желке (санамақ)		Жеті құдай
	Жеті қабат арқанды үзу		



Ерте заманнан бері «жеті» саны қазақ халқының ұғымында қасиетті сандардың бірі болып, ұлттық дүниетанымында өзіндік ерекшелігімен әлі күнге дейін киелілік сипатынан ажырамай келеді. Мұның себебі өзге халықтар мәдениетінде де кездесетіндігінен болса керек. Мысалы, жеті саны әлем халықтарының барлығында дерлік ерекше сипатқа ие сан болып саналады. Ең әуелі бұл түсінік вавилондықтарда ай жартысының жеті күнде ұлғаятынын анықтау барысында бұдан 4000 жыл бұрын пайда болған екен. Астрономиялық зерттеулердің нәтижесінде жеті планета (вавилондықтар планеталарды құдайлар деп түсінген), кейін жеті күндік апта пайда болған. «Апта» - «жеті» мағынасындағы көне сөз, ол санскритше саптан, парсыша һәфта, грекше хәпта, румынша шәпта, латынша септем болып айтылады [2, 128].

Қазақ тіліндегі «жеті күн» тіркесіне парсының «апта», арабтың «жұма» деген сөздері синоним ретінде қолданылады. Бұл туралы І.Кеңесбаев: «Мұсылман дініндегілер аптаның жеті күнін (дүйсенбі, сейсенбі, сәрсенбі, бейсенбі, жұма, сенбі, жексенбі) иран тілдері бойынша атайды. Ал одан бұрын не деген екен? Бұл сұраққа әзірше, үзілді-кесілді жауабымыз жоқ. Жай бағдар-болжау ретінде мынаны айтуға болады: бірінші, екінші, ... күн деген тәрізді ізбен айтылуы ықтимал. Айталық орхон жазуларында ілкі күн (ілкі күн өлтүрім), екінші күн (екінші күн қоп өлтүрім) деген тіркестер бар. Бұлар аптаның жүйесімен айтылған бірінші күн, екінші күн бе, әлде болған оқиғаның алғашқы күні, екінші күні деген орайда айтылатын жай күн ретін атау ма, ол жағы көмескі» [9, 48]

Жеті күннің пайда болуына себеп болған жеті планета қазақ халқында «жеті қат көк» деп аталады. «Ай, Меркурий, Шолпан, Күн, Қызыл жұлдыз (Марс), Мүштәри (Юпитер), Сатурн. Осы жеті жарық шығыс астрономиясында жеті қат (қабат) көк деп аталады [10, 103]. Мұның түпкі мәнінде бағзытүркілік «санға сыйыну» дәстүрі жатқанын аңғармау мүмкін емес.



Қазақ жұлдызшылары аспан денелерінің (күн, жұлдыз, ай) бағытына, тууына, шығуы мен батуына, көрінуіне, пішініне, толуына қарай ертеңгі күнді, келген мезгілді анықтаған. Соған орай жеті амал қалыптасқан. Олар: «1. Күннің тоқырауы. Жаз мезгіліндегі күннің тоқырауы 21 маусымда. Қыс мезгіліндегі күннің тоқырауы 22 қаңтарда. 2. Қарашаның қайтуы – бұл айда құс оңтүстікке қайтып, алғашқы қар түседі. 3. Үркердің батуы: маусым айы туғанда үркер жұлдызы мүлдем көрінбей кетеді. Осыған орай осылай аталған мезгіл. Халықтың «Үркер жерге түспей жер қызбайды» деген қанатты сөзі бар. 4. Мұздың қатуы: судың бетіне жұқа мұз қататын мезгіл. Қарашаның суығы басталады. 5. Киіктің матауы: Үркер бататын қыс мезгілін білдіреді. Үркер 11 қаңтарда батады. 6. Қыс тоқсан: қыс тоқсанында қыс айлары кіреді. 7. Ай тоғамы: егер ай мен Үркер шоқжұлдызы бір мезгілде көрінсе, ол түйісу деп аталады» [11]. Бұл – шамандық наным бойынша бабаларымыздың күнге, отқа, суға табынғандығының белгісі. Соның тағы бір дәлелі – жеті нан (жеті шелпек). Көне түркі танымы бойынша нанды күнге ұқсатып дөңгелек етіп пісіру – күнді құрмет тұтудың, күнге табынудың белгісі. Ал санының жеті болуының бір себебі жеті ғаламмен (*планета*, шумерлерше *құдай*) тікелей қатысты болса керек.

Көшпенді қазақ мәдениетінде жеті саны астрономиялық пайымдаулармен тікелей байланысты екендігіне жеті ғалам, жеті дүние, жеті амал, жеті күн, жетіқарақшы, жеті қат көк сияқты ұғымдар дәлел бола алады. Бұл бабаларымыздың аспан әлемінің сырына қаншалықты қызыққандығын көрсетіп қана қоймай, жеті санының мазмұнын тереңдете түсері анық.



«Жеті» саны қазақ танымында тым ерте кезден бастап мықтап орын алған. Сандардың тарихына байланысты екі түрлі ұстанымды айтуға болады. Бірі – мифтік түсінік болса, екіншісі – танымдық. Алғашқысын адамзат баласының қоршаған ортаға қатысты қорқыныштан, үрейден, шамандық түсініктен туған десек, кейінгісі адам өзін табиғаттың бір бөлшегі ретінде тануынан пайда болған. Қазақ ұғымында сандарға қасиет беру дін пайда болғанға дейін орын алған. Олар дейтін себебіміз ауыз әдебиеті үлгілерінде кездесетін «жеті басты жалмауыз», «жеті басты аждаһа», «жеті қат жер астына түсу» сияқты үлгілер жеті санының маңыздылығын көрсетеді. Сан мен сөздің өзара байланысындағы магиялық күштің болатындығына сенген бабаларымыз батырларына жеті қабат сауыт кигізіп, жеті қат жердің астына түсіріп, жеті қабат қорғанды жарып өткізіп, жеті дарияны кешкізіп, жеті қабат арқанды үздіріп, ақыр соңында мұрат-мақсатына жеткізеді. Мұндай жетілік баяндаулар әлем халықтары ауыз әдебиетінде жиі кездеседі. «Мәселен, түркі халықтарына ортақ мұра «Қорқыт ата» дастанында сандар жиі ұшырап, ерекше орын алады. Дерсеханның әйелі баласының жарасын емдеу үшін Қыдырдың насихатына сүйеніп, жеті тау гүлін жинап, дәрі жасайды. Оғыз батыры Қарагөме ұзын мұртын жеті жерінен түйіндейді. Бамсы Бейрек жеті қыздың үміті болған. Салар Қазан жеті күндік азықпен жолға шығып, еліне қайту үшін жеті күндік мерзім белгілейді, жеті күн, жеті түн жол жүреді, жеті қабат алаңды айналады. Салар Қазанға кездескен айдаһардың жеті басы болса, кәпір қыздың жасы да жетіде. Төбекөз Оғызды жеті қабат жерден әріге қуады. Оғыз билері жеті күн ұйықтайды, жауды жеңгенде, той-томалақта жеті күн ішіп-жейді. Қамауда жатқан Басат батыр құдайға құлшылық еткенде жеті жерден есік ашылады. Жеті санының әр түрлі жолдармен осылай қайталанып өлуі «Көроғлы» мен «Қартағы мергеу» дастанында да ұшырайды. Мәселен, «Қартаған мерген» дастанындағы қарт аспанды жеті айналып, жеті рет қыдырады» [12, 22].



Дәл осындай жеті санымен байланысты қалыптасқан ертегінің мотивтері әлем халықтарының бірсыпырасында кездеседі. Үнді халқында «жеті данава», «жеті ана», «жеті рихи», «жеті мұхит», «жеті мүше», «жеті жан» сияқты тіркестер ауыз әдебиеті үлгілерінде сақталған. Осындай түсініктер араб-парсы, орыс, қытай, моңғол, корей халықтарында да бар. Мысалы, «грек мифологиясы бойынша Минотаврға /жалмауызға/ афиналықтар тоғыз жыл сайын жеті боз бала мен жеті бойжеткен қызын құрбандыққа беріп отырыпты [12, 49]. Ал ағылшын танымында айна құдайлар қолданатын қасиетті зат ретінде саналып, оны сындырсаң «жеті жылдық бақытсыздыққа ұшырайсың» деген мифтік түсінік қалыптасқан [13].

Жалпы жоғарыда көрсетілген мысалдардан әдебиет әлеміне енген киелі сандарда сиқырлы тылсым күш, жасырын сыр бар деп танығандығын байқаймыз.





Қарапайым тіршіліктен бастап халық арасындағы наным-сенімдер мен салт-дәстүрлердің қазақ халқының өмірінде орны ерекше. Ең әуелгі жеті, ол – денсаулық. «Жеті – денсаулық деуі адам басындағы жеті «терезе» – екі көз, екі құлақ, екі танау және ауыз бар, денсаулық осы жеті қуысқа байланысты деген [14, 167]. Адам баласының өміріндегі жеті санының маңыздылығы осылай дене мүшелерінен басталып жеті атаға жалғасады. Яғни қазақ халқы ұрпағының дені сау болуы үшін жеті атаға (әке, бала, немере, шөбере, немене, шөпшек, туажат) дейін қыз алыспаған. Уақыт өте келе туыстық өлшем осы «жетімен» көрсетіліп, жеті атасын білу міндеттелген. Қазақта «жеті атасын белмеген жетесіз» деген сөз осыдан қалған. Ұрпағының қанының тазалығын, денінің саулығын ойлаған бабаларымыз жеті атаға толмаған әулетпен құдаласпаған. Мұндағы себеп – физиологиялық және психологиялық ауытқудың және генетикалық өзгерістердің алдын алу. Медицинада тұқым қуалайтын аурулардың көбі гендік ұқсастықтан пайда болатынын, яғни туыс адамдардың некелесуі дұрыс емес екендігін дәлелдеген. Мысалы «генетикалық зерттеу бойынша баланың бойында әкесінің қаны – 50%, немереде – 25%, шөбереде – 12,5%, шөпшекте – 6,25%, неменеді – 3,125%, туажатта – 1,56%, жүрежатта – 0,78%» сәйкестік кездеседі екен (Нұрхан Хамезұлының жазбасы бойынша). Қазақ халқында жазылмаған дала заңдарының негізінде қабылданған Тәуке ханның «Жеті жарғысында» да «Жеті атаға дейін қан араластыру өлімге немесе ағайындар белгілеген жазаға бұйырылады» деп көрсетілген. Ел аузында «қарғыс жеті атаға жетеді» деген мақалдың да айтылуы тегін болмаса керек. Бұдан бабаларымыздың жеті санын қасиетті деп санауының тереңінде үлкен білім жатқандығын аңғармау мүмкін емес. Осыған ұқсас «монғолдар жеті атаға дейін ат қояды. Түріктер мен тәжіктер де түбін білу үшін жеті атаны атап шығу әдетке айналған. Түріктер: «Мен жеті атадан бері темірші ұстамын» немесе «Жеті атам осы елде өмір сүреді» деп айтады. Тәжіктерде де осы ұғым бар [12, 22]. Жалпы түркі халықтарында отбасылық ғұрып бойынша өз бабалары туралы білу міндеттелген.



Қазақ салтында дүниеге келген сәбидің жеті күн ішінде кіндігі түсіп бесікке бөленеді. Бесік – түркі халықтарында киелі ұғым. Бабаларымыз бесікті ашық тастамаған, жұртта қалдырмаған. Тіпті пайдалануға жарамсыз қалғанның өзінде биік жерге іліп қойған. Сонымен қатар бесік – тәрбиенің бұлағы. Бесік жырын тыңдап өскен бала ұлттық құндылықтарды бойына сіңіріп өседі. Бесікке бөленген сәбидің саулығы, тыныштығы үшін үстіне жеті түрлі зат: дастархан, қамшы, жүген, шапан, тон, кебенек, атасының сырт киімін жапқан.

Мұсылман заңы бойынша ер бала жеті жасқа толғанда (кейде бес) сүндетке отырғызу салты бар. Бабаларымыз «Жеті жас – жетілген жас» деп айтуының түпкі мазмұны осыда болса керек. Бұл кезең бала жасының физиологиялық жетілуімен ерекшеленеді, жеті жаста тісі түсіп, ойы толысады. «Жетіге келгенше жерден таяқ жейсің» дегендегісі де осыған келіп саяды. Ал қыз баланы анасы сымбатты болып өсуі үшін жеті жасқа толған соң беліне белбеу тағатын болған. Адам баласының дүниеге келгенінен бастап о дүниеге жөнелткенге дейін жеті санымен байланысты қалыптасқан ғұрыптар өте көп. Соның бірі – қаза болған адамның жетісіне дейін әйелі мен қыздары шашын жайып, өрмейтін болған. Бұл аза тұтудың белгісі ретінде орындалатын және қайтыс болған кісінің жаны жетінші күні үйіне оралады деген түсініктен туған.

Қазақ халқында қыз бала дүниеге келгенде «қырық жеті» туылды деп сүйінші сұраған. Мұнысы қыздың қалың малына берілетін жөн-жоралғылары мен малдың санын білдіреді. Ал «түркі халықтарында бала тумаған әйелдің жеті үйден ұн алып «Бибі Сүйшембі анаға» арнап құдайы беру ырымы» болған екен [15, 34].

Жеті саны қазақтың тұрмыс-салтында қажеттілік мазмұнында жеті қазынамен беріледі. Адамның өмір сүруіне қажетті жеті заттың тізімі нақты емес. Ел аузында жеті қазынаның бірнеше варианты бар. Ә.Қайдардың зерттеуі бойынша жеті қазынаға ер жігіттің жеке басына, тіршілік етуіне қажетті заттар берілсе [16, 20-21], І.Кеңесбаев жалпы адамзаттың өмір сүру қажеттілігін қарастырады [17, 3-14]. Ал Ж.Мусин қазынаны малдан іздейді [18, 89]. Негізінде өте жиі кездесетін нұсқасы: 1) жүйрік тазы, 2) қыран бүркіт, 3) перен [берен] мылтық, 4) сұлу қыз немесе сұлу әйел, 5) жүйрік ат, 6) ер жігіт, 7) ілім-білім. Әрине, ел аузында жеті қазына туралы бұдан басқа да түсініктер жоқ емес.



Байқап отырсақ, қазақ халқының тұрмыс-салтында, әдет-ғұрпында кездесін сандар оның мәдениетімен, дүниетанымымен тығыз байланысты. Символдық мәнге ие болған мұндай сандардан халықтың этномәдени өмірін танып білуге болатынын аңғардық.

Қазақ халқының ескі сенімі бойынша бақсылық, балгерлікті діни түсініктің негізінде қалыптасқан деп санайды. Бал ашу, балгерлік – жаратылыс пен табиғатты бақылау нәтижесінде пайда болған сәуегейлік білім. Бал ашудың бұл түрін басқаша құмалақ ашу деп те атайды. Құмалақ ашу кезінде «жетіскеннің жетеуі» немесе «жеті әліп» деген тұрақты тіркес бар. «Мұндағы жеті әліп маңдайы ашылған, бақыт қонған, қыдыр дарыған деген мағынаны білдіреді. Бұл – құмалақ ашуда ең сирек ұшырасатын құбылыс. Әліп – алып – әліф қазақ халқының аспан ертегілерінде «Бермес ханның жеті ұлымен» яғни аспан әлемімен байланыстырылады [15, 36]. Бұл фразеологизмдер тек ғұрыптық діннен немесе мифологиялық түсініктен хабар беріп тұрған жоқ, сонымен қатар астрологиялық мазмұнды да білдіріп тұр.

Қазақ тіліндегі жеті санының символдық дәрежеге жетуіне ислам дінінің де әсері мол. Ислам дінінде жеті санымен байланысты қалыптасқан түсініктер Алла тағаланың дүниені жаратуымен сәйкестендіріледі. Бірінші күні – жарықты, екінші күні – аспанды, үшінші күні – жерді, төртінші күні – балықтар мен құстарды, бесінші күні – ай, жұлдыз, күн, алтыншы күні – жануарлар, жетінші күні – адамдар жаратылған. Бұған қоса Құран Кәрім жетінші ғасырда түскен деген болжамдар айталады. Ал «бала ананың құрсағында жеті қырық күн жатады да екі жүз сексенінші күні Алланың әмірімен жарық дүниеге шығады. Дүниеге келген адамның рухани өсуінің жеті сатысы да ана құрсағында жатып даму заңдылықтарымен үйлестірілген. Осы жеті санының барлық сынынан өткен адам ғана Құдайға жетеді, пайғамбар дәрежесіндегі ұлы әулие болады» деп сенген [15, 97]. Ал Құранның аудармасында (Халифа Алтайдың аудармасы бойынша) жеті сөзімен келетін тіркестердің саны 21 рет кездеседі. Бұл жеті санының ислам дінінде де қасиетті саналғандығын көрсетеді. Ал христиан діни түсініктері бойынша жетіге тән сипат Інжіл кітабында берілген. Мысалы, «Христос жетінші күні аспанға ұшып барып, жетінші күні қайта дүниеге келді» деген уағыз бар [19].



Анатолияда және барлық түрік тайпаларында жеті саны қасиетті деп саналады. Алтай түріктерінің айтуы бойынша, айдың тұтылуында «жеті бастың қасқырлы беті» бар. Құранның жеті хаты бар. Таваф - Каабаның айналасында жеті рет дұға. Суфизмде жеті мекеме және жеті өріс бар. Құранда жеті қабатты мағынасы бар және жеті қарат бойынша оқылады. Намаздың әрбір намазы жеті бөліктен тұрады. Исламның Батуи түсіндірмесіндегі Құдай есімдерінің суреттері деп сипатталған сүйіспеншілігінен өткен жеті періштелер мен жеті пайғамбар бар. Денсаулықтың түпкілікті мақсатына қол жеткізу үшін жеті кезең бар [20].

Бұдан өзге адамзат өркениетінің көшбасшысы аталатын шумерлер де жеті санын қасиетті санап жеті құдайға (*ану (шошқа), эа (арыстан), энги (өгіз), щинина (қой), набу (ешкі), ранар (мысық), еркіала (қоян)*) табынған. Қорытындылай келе, біз әлем халықтарына ортақ жеті санымен берілетін ұғымдар қатарын анықтадық.

Жеті планета (жеті құдай, жеті қат көк)	грек, үнді, шумер, араб-парсы, орыс, қытай, моңғол, корей
Жетіқарақшы	моңғол, қырғыз, қазақ
Жеті басты айдаһар (дәу, жалмауыз)	грек, үнді, иран, араб-парсы, орыс, қытай, моңғол, корей
Жеті күн	шумер, парсы, араб, әлем халықтары
Жеті шырақ	христиан, иудаизм, қазақ,
Жетісін беру	қытай, мұсылман халықтары
Жеті жас	әлем халықтары
Жеті күндік ұйқы	Үнді, қазақ
Жеті күндік жол	үнді, қазақ,
Жеті рет айналу	араб, қазақ, үнді
Жеті қабат қорған	үнді, қазақ
Жеті қабат жер астына түсу	грек, үнді, қазақ, моңғол
Жеті ата	моңғол, қырғыз, қазақ, түрік, тәжік
Жеті әулие (жеті шәріп)	мұсылман халықтары
Жеті шелпек (құдайы нан)	әлем халықтары (атауы, саны түрліше)



Жалпы сандарға тән тереңдікті жеке бір ұлттың шеңберінде ғана емес, әлем халықтарына ортақтықта қарастырудың маңыздылығы артып отыр. Бұл туралы М.Әуезов: «Қазақ халқының ескілігі жалғыз қазақтікі емес, жалпы түрік жұртының ескілігі деп саналуы керек» [21, 10] деген болатын. Дүниені қабылдау әр этноста өз мәдениетіне, танымына, болмыс-бітіміне сай түрліше болғанымен, заттар мен құбылыстар, уақыт пен кеңістік адамзатқа ортақ. Сондықтан киелі сандар бір мезгілде әрі идиоэтникалық, әрі универсалдық категория ретінде танылады.





### Пайдаланған әдебиеттер

1. Қожахметова М. Адам құпия. -Алматы, 1997. 234 б.
2. Ежелгі мәдениет мұралары. Ред. Бас. Ә.Марғұлан. «Қазақстан» баспасы, - Алматы. 1966. 212 б.
3. Смаилович А.Н. Турецкие числительные количественные и обзор попыток их толкования. // Языковые проблемы числительных. –М., 1927.
4. Марр Я.Н. О числительных. Языковые проблемы по числительным. –Л., 1927. 96с.
5. Жәутіков А. Математиканың даму тарихынан. –Алматы: Мектеп, 1967. 332б.
6. Базылхан Б. Қазақша-моңғолша сөздік. -Улан-Батор. 1977. 400 б.
7. Топоров В.Н. Числа. –Мифы народов мира. т2. -М., 1982. с. 630.
8. Annemarie Shimmel. The Mystery of Numbers. Oxford University Press, 1994., -336с.
9. Шаһарман Г. Қазақ тіліндегі сан есім сөздерден жасалған туындылардың мағыналық ерекшеліктері. Фил.ғыл.канд. дисс. -Алматы, 1988.
10. Уәли Н. Жұмбақ жетілер. «Жалын» журналы, 1988. №3, мамыр-маусым.
11. <https://e-history.kz/kz/publications/view/2271>
12. Тәжіев Қ. Киелі сандардың генезисі және эпикалық жырлар мен жыраулар поэзиясындағы көркемдік қызметі. Фил.ғыл.канд. дисс. -Түркістан, 2004.
13. The folklore society. Devoted to the study of folklore and tradition// <http://www.folklore-society.com> (10.04.2012).
14. Ысқақов М. Ғылым және соқыр сенімдер. –Алматы: Қазақстан, 1965.
15. Дүсіпбаева Қ. Қазақ ескіліктерінің сандар жүйесіндегі тілдік көрінісі. Фил.ғыл.канд.дисс. -Алматы, 2001.



- 16.Қайдар Ә. Этнолингвистика //Білім және еңбек. 1985, №10.
- 17.Кеңесбаев І. «Жеті», «үш», «тоғыз», «қырықпен» байланысты ұғымдар // ҚазССР Ғылым акад. хабарлары. Филология сериясы, 1946. 4 шығар.
- 18.Мусин Ж. Жеті қазына деген не?// Қазақ тілі мен әдебиеті. 1992, №5-6.
- 19.Абдразакова А.А., т.б. Сан компонентті кейбір киелі ғымдардың қалыптасу тарихынан. Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің ХАБАРШЫСЫ. ФИЛОЛОГИЯ сериясы - №2 (123) /2018).
20. Özköse, K. (2014). Sayıların Gizemi. Yeni Dünya Dergisi, 113-120.
21. Әуезов М. Жиырма томдық шығармалар жинағы. –Алматы: Жазушы, 1985. 16-том. -400 б.





VOJMUR – World Journal of Multidisciplinary Research, 2020 – 2

DÜMAD – Dünya Multidisipliner Araştırmalar Dergisi, 2020 – 2

**ISSN: 2717-6592**

<https://dergipark.org.tr/tr/pub/dumad>



151